

№1 Педагогикалық кеңес  
ХАТТАМАСЫНАН үзінді

Өткізілген күні: 28.08.2025ж.

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны :4 (еңбек демалысында)

Тақырыбы:

«Білім беру ұйымының 2025-2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басылымдықтары»

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету.2025-2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.

Күн тәртібі:

- 1.Жаңа оқу жылында білім беру ұйым жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы.
- 2.Жылдық жқмыс жоспарын,оқу жоспарын,іс-әрекеттер кестесін,күн тәртібін бекіту туралы.
- 3.Балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметтері туралы.
- 4.Марапаттау.

№1 педагогикалық кеңесті балабақша меңгеруші м.а. Ә.С.Ахмет ашып,барлық педагогтерді жаңа оқу жылымен құттықтап,сәттілік тіледі.Бүгін біздің №1 педагогикалық кеңеске әдістемелік орталық әдіскері Марат Мәншүк қатысып отыр. Әйгерім Серікқызы қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісінің м.а. Ә.С.Ахмет жаңа оқу жылындағы басымдықтар мен бағыттарға толық ақпарат берді.(қосымша).Келесі сөз кезегі Әдістемелік орталық әдіскері Марат Мәншүкке берілді. Өз сөзінде биылғы тамыз конференциясының өтуі және маңызы туралы толық айтып берді.

Бейнероликтің көрсетілімі.

1.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025)

«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша инновация әдіскері Г.Б.Кульджанова ақпарат берді.Балабақша жұмысына «Адал азамат»бағдарламасын қосып,жұмыс атқару керектігіне тоқталды.Ұжымға жаңа оқу жылында табыс пен қайраттылықты.сәттілікті тіледі.

Бағдарламада әр айға тақырыптар берілген және мектепке дейінгі ұйымдарда тақырыпқа сай өткізілетін іс-шаралармен мақсаты берілгені туралы айтты.Түсіндірме жұмысы слайд арқылы жүргізілді.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты түсіндірді. Сонымен қатар жасанды интеллект элементтерін білім беру процесіне енгізу, педагог мәртебесін арттыру және оның құқықтарын қорғау, тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету жөнінде тоқталып өтті. (слайд қосымша)

**2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басым бағыттары туралы**

**ШЕШІМ:**

- «2025 – 2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат басшылыққа алынсын; - жауапты меңгеруші, әдіскер.
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін; - жыл бойы, жауапты әдіскер
- білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидаларын бекіту; - жауапты меңгеруші.
- білім беру процесінде жасанды интеллекті технологияларын қолдануды қамтамасыз ету, ЖИ-ды қолданудың этикалық нормалар мен стандарттарын сақталуын реттейтін балабақшаішілік құжатты әзірлеп, бекіту. - әкімшілік.
- білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдансын; - жауапты педагогтер, үнемі.
- балабақша әкімшілігінің міндеті балабақшаның негізгі міндеттері: білім беру сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, тәрбиеленушілердің оқу жетістіктерін жақсарту болып белгіленсін. - жауапты меңгеруші, әдіскер.

**Бірінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.**

2. «Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы» мәселесі жөнінде Г.Кульджанова толық ақпарат берді. Тәрбиешілерге алдын ала талқылап, толықтыруға берілген жылдық жоспар бір ауыздан қабылданды. Сонымен қатар инновация әдіскері жаз айларындағы сауықтыру шаралары туралы есеп берді. Жылдық жоспар ішінде әдістемелік отырыстың, «Адал азамат» бағдарламасының жоспары, педагогикалық кеңестің жоспары мен тақырыптары ашып көрсетілген.

**Жылдық жұмыс жоспар бекіту туралы**

**ШЕШІМ:**

- балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;
- балабақшаның оқу жұмыс жоспары, күн тәртібі, педагогикалық кеңестің жоспары, балабақшаішілік бақылау жоспары, әдістемелік кеңестің

жоспары, педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары және т. б. бекітілсін.-әдіскер

- жауапты тұлғалар бекітілген жоспарлардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3.Балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы – балабақша инновация әдіскері Галина Баткуловна толық ақпарат берді. Балабақша бейне бақылау камераларымен жабдықталған. Жалпы саны -72, сыртқы бейнебақылау-13, ішкісі- 59,оның ішінде ІД мен ЦОВ- 24. Топтардағы жиһазда қабырғаға бекітілген, косметикалық жөндеу жұмыстары жүргізілді. І қабатта есіктер ауыстырылды,балабақша жаңа оқу жылына дайын.

Медбике Әсель Рамазановна топтардың тазалығы санитарлық мөлшерге сай, топтар желдетіліп,кварц қосылып тұратыны,төсек орындар уақытылы ауыстырылатыны,тамақ жалпыға бірдей ас мәсіріне сай беріліп,дайындалатыны туралы ақпарат берді.

**Балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы**

### **ШЕШІМ:**

- балабақша әкімшілігінің қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлесін; -үнемі,жауапты шаруашылық меңгерушісі;
- балабақшаның әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары нұсқау өткізу, өртке қарсы қауіпсіздіктің жай-күйін және бейнебақылау жүйесін тұрақты тексеруді қоса алғанда, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;-жыл бойы,жауапты шаруашылық меңгерушісі;
- балабақшаның әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары және медицина қызметкері (келісім бойынша) балабақшада санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз етсін- жыл бойы медбике;
- медицина қызметкері (келісім бойынша) азық-түлік сапасын бақылауды және тамақтандыруды ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етсін;-жыл бойы,жауапты медбике;
- балабақша қызметкерлері үшін Ішкі тәртіп ережелері бекітілсін-жауапты кәсіподақ ұйымының төрайымы;

Балабақша психологы Д.Б.Каратаева кеңеске қатысушалмен тренинг өткізді. Педагогикалық кеңес соңында «Жұлдызды тілек» релаксациясын өткізді. Әр педагог өзінің ойын жаңа оқу жылында балабақшаға тілегін жұлдызшаларға жазып аспан бейнесіне жапсырды.Балабақша

меңгерушінің м.а. Ә.С.Ахмет қорытынды сөзінде бүгінгі педагогикалық кеңестің жұмысы өз мәресіне жеткенін, келген қонаққа, педагогтерге еңбектерінің жемісін көруге, балабақшамыздың көркеюіне өз үлестерін қосатынына сенімінің мол екенін атап айтты.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Ә.С.Ахмет  
А.К.Ерлан